№46 (10239)
20 маусым
сенбі
2026 жыл

# Жалағаш жарщысы

«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Президент

# ЕСЕЛІ ЕҢБЕККЕ ЛАЙЫҚТЫ БАҒА

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара өтті. Алдымен сала қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтаған Президент медицина саласын дамыту мемлекеттің стратегиялық міндеті екенін атап өтіп, дәрігердің ел өміріндегі орнын айрықша бағалады.**



– Шын мәнінде, денсаулық сақтау саласында қоғам игілігі үшін адал қызмет етіп жүрген әр қызметкердің еңбегі ерен. Халқымыз сіздерді ең қадірлі мамандық иесі ретінде сыйлайды және құрметтейді. Түптеп келгенде, медицина мамандары еліміздің басты байлығы – азаматтарымыздың денсаулығын нығайтуға өлшеусіз үлес қосып келеді. Мен Мемлекет басшысы ретінде осы салада табанды еңбек етіп жүрген барша қызметкерге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Иә, мемлекет тарапынан медицина саласын дамытуға қашанда қолдау бар. Қазір де осы бағытта ауқымды жұмыс жүруде. Нәтиже де жоқ емес, мәселен, былтыр еліміз бойынша азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 76 жасқа жақындады. Соңғы үш жылда ана өлімі 35 пайызға, ал сәби өлімі 24 пайызға қысқарған. Президент «Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы ең төменгі көрсеткіш» деді.

Соңғы 7 жылда елімізде 1300-ге жуық денсаулық сақтау нысаны салынды. Медициналық сақтандыру саласы да заман талабына сай жаңғыртылған. Қазіргі таңда денсаулық сақтау жүйесінде 280 мыңнан астам маман қызмет етеді. Олардың мәртебесін көтеру және беделін күшейту еліміз үшін аса маңызды.

– Дәрігерлердің қауіпсіздігін қатаң қадағалау жұмысы айрықша назарда болуы тиіс. Осы мәселеге былтыр кәсіби мереке қарсаңында өткен жиында арнайы тоқталдым. Сол себепті мен осы жылдың басында медицина қызметкерлеріне күш көрсеткен адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы Заңға қол қойдым. Бұл шешім қоғамымызда берік орнығып жатқан Заң мен тәртіп қағидатына толық сай келеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет дәрігерлерді құқықтық тұрғыдан қорғаумен қатар, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән беретінін жеткізді. Мәселен, соңғы үш жылда сала мамандарына көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың көлемі 7 есе ұлғайған. Медицина қызметкерлерінің жалақысы кезең-кезеңімен көтерілуде. Биылдың өзінде бұл мақсатқа қазынадан 33 миллиард теңге қаралған. Осындай шаралардың арқасында медицина саласындағы кадрлық ахуал да тұрақталып отыр.

Әсіресе елімізде шалғай ауылдарда еңбек ететін дәрігерлерге ерекше қолдау бар. Оларға бір реттік көтерме төлемдер берілуде. Мәселен, былтыр 530 маманға жалпы құны 4,5 миллиард теңге қаржы қаралған.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының бірінші кезеңі сәтті іске асқанын айтып, 2023 жылдан бастап жаңадан 655 бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету нысаны салынғанын жеткізді. Биыл 32 аудандық ауруханаға жаңғырту жұмыстары аяқталмақ. Бұл азаматтарды тұрғылықты жерде сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етеді. Мұнан бөлек елордада және өңірлерде мамандандырылған ғылыми институттар мен көпбейінді ауруханалар, заманауи емханалар және перинатальды орталықтар бой көтеруде.

Десе де алдағы жұмыс көлемі де ауқымды. Бұл ретте Мемлекет басшысы елімізде пайдалану мерзімі әлдеқашан өтіп кеткен 14 мыңнан аса нысан әлі де қызмет көрсетіп тұрғанын айтып, Үкіметке бүкіл денсаулық сақтау инфрақұрылымына ауқымды реновация жүргізіп, олардың материалдық-техникалық базасын жаңғыртуды міндеттеді. Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты шарада саладағы маман тапшылығына да назар салды.

– Негізгі мәселе – білікті маман тапшылығын жою, мұның зардабын әсіресе ауылдық жерлер тартып отыр. Бұл үшін бастапқы медициналық-санитарлық көмек жұмысшыларын қолдау бағдарламасын әзірлеу қажет. Адамдарға көмектесуге бірінші болып келетін жандар мемлекет қамқорлығын сезінуі керек. Олар үшін лайықты жалақы, толық әлеуметтік пакет және жергілікті жерде жұмыс істеуге ынталандыратын тетіктер болуы тиіс. Медициналық білім беру жүйесін дәйекті түрде жаңғыртудың ел болашағы мен ұлт саулығын сақтаудағы стратегиялық мәні зор. Салалық жоғары оқу орындары бұрынғыдай дәстүрлі білім беру мекемесі емес, іргелі ғылым мен жоғары технологиялар орталығы ретінде жаңғыра бастағаны қуантады. Білім беру үдерісі жетілдіріліп, клиникалық оқыту тәсілдері кеңеюде. Интернатура кәсіби даярлықтың толық кезеңіне айналады. Енді оны тәмамдаған түлектер базалық білімді меңгерген дәрігер ретінде жұмысқа кіріседі. Жаңа буын мамандарын әзірлейтін ұстаханаға айналған еліміздің жетекші медициналық оқу орындарын одан әрі нығайтуға қолдау көрсету маңызды деп санаймын, – деді ол.

Салтанатты шарада Мемлекет басшысы маңдайалды отандық жоғары мектептердің бірі ретінде танылған «Астана медицина университетінің» цифрлық денсаулық сақтау мен биомедицинаны дамытудағы жұмысына жоғары баға берді. Үкімет те аталған оқу орнының бұл жетістіктерін ескеріп, Ұлттық университет мәртебесін алуға әбден лайық деп санайтынын, бұл ұсынысты өзі де қолдайтынын жеткізді. Сонымен қатар «астаналық университетке көрнекті ғалым, отандық тағамтану ғылымы мен профилактикалық медицинаның негізін салушы, Қазақстанның Еңбек Ері Төрегелді Шармановтың есімін берудің символдық мәні зор» деді.

Еліміз бүгінде озық технологияларды барлық салаға, соның ішінде медицинаға белсенді түрде енгізе бастады. Қасым-Жомарт Тоқаев осы бастама қазіргі таңда отандық денсаулық сақтау саласын дамытуға тың серпін беріп жатқанын жоққа шығармады.

– Цифрлық технологияның арқасында диагностика жасау уақыты төрт есеге қысқарды. Сондай-ақ қатерлі ісікті анықтау көрсеткіші 30 пайызға артты. Жасанды интеллект дәрігерлерге күрделі клиникалық шешімдерді қабылдауға септігін тигізуде. Бүгінде еліміздегі 1800-ден астам медициналық мекеме цифрлық форматқа көшірілді. Ақпараттық жүйелерді өзара байланыстыру, яғни интеграциялау арқылы әкімшілік жүктеме 40 пайызға дейін төмендеді. Біз бұл бағыттағы жұмысты міндетті түрде жалғастыра береміз, – деді Президент.

Салтанатты шарада Президент бір топ медицина қызметкеріне мемлекеттік наградалар тапсырды. Олардың қатарында жерлесіміз, «А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ басқарма төрағасы Болатбек Баймаханов та бар. Салада өзіндік қолтаңбасы бар Болатбек Бимендеұлы ағамызға II дәрежелі «Барыс» ордені табысталды. Бұл – қаншама жыл уақытпен санаспай еткен қажырлы еңбектің жемісі.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Ел жаңалықтары



## УНИВЕРСИТЕТТЕРГЕ ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?

**Ғылым және жоғары білім министрлігі 20 маусымнан бастап еліміздің барлық жоғары оқу орнында қабылдау комиссияларының жұмысы басталатынын мәлімдеді. ҰБТ тапсырып, мемлекеттік білім беру гранттары конкурсына қатысуды жоспарламайтын талапкерлер 20 маусымнан бастап өздері таңдаған жоғары оқу орындарына ақылы негізде оқуға түсу үшін құжаттарын тапсыра алады.**

Мемлекеттік білім беру грантын алуға үміткер талапкерлер үшін гранттар конкурсына қатысуға өтініштер қабылдау 13-20 шілде аралығында жүргізіледі. Осы кезеңде талапкерлер өздері оқуға түскісі келетін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарын таңдай алады.

«Мемлекеттік білім беру гранттары конкурсына қатысуға өтініштер талапкер таңдаған жоғары оқу орнына қарамастан кез келген жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясы арқылы қабылданады. Талапкерлерге қолайлы жағдай жасау мақсатында өтініштерді жоғары оқу орындарының виртуалды қабылдау комиссиялары арқылы және eGov электрондық үкімет порталы арқылы онлайн форматта тапсыру мүмкіндігі де қарастырылған» делінген хабарламада.

Аталған министрліктің мәліметінше, минималды шекті балдар өзгеріссіз қалған. Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу шекті балы – 65 балл, басқа ЖОО-ларға 50 балл, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – 75 балл, «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша – 70 балл, «Құқық» даярлау бағыты бойынша – 75 балл. Бұл ретте «Қазақстан тарихы» және ҰБТ-ның екі бейіндік пәні және шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл, ал «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» пәндері бойынша кемінде 3 балдан жинау қажет. Жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларының топтары бойынша өздерінің шекті балдарын белгілей алатынын айта кеткен жөн.

Мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері тізімі 10 тамызға дейін жарияланады.

«Талапкерлердің назарын шығармашылық және арнайы емтихандарды өткізу тәртібі, білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері, оқу шарттары, жатақханамен қамтамасыз ету және оқуға түсуге қатысты өзге де мәселелер бойынша өздерін қызықтыратын жоғары оқу орындарының қабылдау комиссияларына тікелей жүгінуге шақырамыз» делінген хабарламада.

Айта кетейік, жоғары оқу орындарына құжат қабылдау 25 тамызға дейін жалғасады.

**«ЖЖ» ақпарат**

Мерей

# ДЕРЕК ПЕН ДӘЛДІКТІҢ САҚШЫСЫ

**Қай саланы алып қарасаңыз да, сол үшін жаратылған жандар айналасына тоғысады. Бүгінгі кейіпкеріміз де – дәрігерлік мамандықтың қыр-сырына қанық, 16 жылдық тәжірибесін арқалаған майталман маман. Ақ халаттың абыройын биік ұстап, жауапкершілігі мен жанашырлығын қатар алып жүрген кейіпкеріміздің еңбегі – көпке үлгі.**



Шолпан Ғалымжанқызы – денсаулық сақтау саласындағы деректерді жинақтап, саралап, аурухана жұмысының нақты есебі мен талдауын жүргізетін жауапты маман. Статист-дәрігердің еңбегі көбіне көзге көріне бермегенімен, оның маңызы орасан. Тек есеп жүргізуші ғана емес, денсаулық саласындағы маңызды шешімдердің дұрыс қабылдануына ықпал ететін тірек тұлға десек те болады. Уақытпен санаспай, әр мәліметті мұқият тексеріп, жүйелеп отыру білікті маманның күнделікті дағдысына айналған. Осындай жанкешті еңбектің арқасында медициналық мекемелердің жұмысы жүйеленіп, жоспарлау мен талдау нақты дерекке сүйеніп жүзеге асып келеді.

Даңғыл жолдың алғашқы қадамы бала күнгі мөлдір арманнан бастау алған еді. «Ақхалатты жандарды көрсем, ерекше бір қызығушылықпен сүйсіне қарап қалатынмын» дейді өзі. Кіршіксіз кішкентай қыздың жанары ақ халаттың әлемін қай қырынан аңғарды екен?! Мектепті тәмамдаған түлек сол арманды иығынан түсірмей, Семей қаласына жол тартты. Кеудеге сыйған бір уыс арманды зорлықпен де, күшпен де алу мүмкін емес, ол жүректе туады, жүректе қалады. Таңдау ерікті, тағдыр сонысына қарай жетелейді. Осылайша кейіпкерімізге 2010 жылы ұлы Абайдың қасиеті дарыған мекеннен дәрігерлік мамандықтың дипломы бұйырды.

Содан бері туберкулезге қарсы күрес диспансерінде бактериолог-дәрігер, зертхана меңгерушісі, кейін зертханалық диагностика дәрігері қызметтерін атқарды. Әр кезеңде жауапкершілігі жоғары міндеттерді абыроймен орындап, салада мол тәжірибе жинақтады.

Бес жыл бойы, күні кешеге дейін Жалағаш аудандық ауруханасы кәсіподақ комитетінің төрайымы болды. Бұл қызмет оған ұжымның тыныс-тіршілігін тереңірек тануға, әріптестерінің мұң-мұқтажына құлақ асып, ортақ мәселелердің шешілуіне атсалысуға мүмкіндік берді.

– Осы тұста жұмыстың ғана емес, адаммен жұмыс істеудің де қасиетін байқадым. Ұжымның бірлігі мен сенімі кез келген істің нәтижелі болуына негіз болады, – дейді өзі.

Қазір ол аудандық аурухананың баспасөз қызметін де қатар алып жүр. Уақыт талабы өзгерген сайын ақпарат тарату тәсілі де жаңарды. Сондықтан мекеменің фейсбук пен инстаграм әлеуметтік желілеріндегі парақшаларын жүргізіп, денсаулық сақтау саласындағы жаңалықтарды, атқарылған жұмыстар мен маңызды ақпараттарды халыққа дер кезінде жеткізуде. Бір сөзбен айтқанда, ақхалатты абзал жан дәрігерлік қызметпен ғана шектелмей, ақпарат пен қоғам арасындағы алтын көпірге айналып отыр.

Кейіпкеріміз қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып келеді. Бір кезеңде бұрынғы «Amanat» партиясы жанындағы денсаулық сақтау саласының бастауыш партия ұйымының хатшысы болып, ұжымдағы қоғамдық-саяси жұмыстардың жүйелі жүргізілуіне үлес қосты. Бұл қызметте әріптестерінің бастамасын қолдап, түрлі әлеуметтік және қайырымдылық шаралардың ұйымдастырылуына бастамашы болды.

Қоғамдық жұмысты ол негізгі қызметінен бөлек міндет емес, елге қызмет етудің тағы бір жолы деп біледі. Сондықтан қай ортада жүрсе де, адамдарды ортақ мақсатқа жұмылдырып, ұжымның бірлігі мен татулығын нығайтуға күш салып келеді.

Марапат – мақсат емес, алайда маңдай термен атқарылған еңбектің өтеуі. Шолпан Ғалымжанқызының кәсіби жолындағы түрлі марапаттар мен алғыс хаттар да – оның саладағы қажырлы қызметінің жемісі. Қызылорда облысы әкімінің алғыс хаты, облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Құрмет» грамотасы, «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы республикалық қоғамдық бірлестігінің «Үздік» төсбелгісі және бұрынғы «Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының алғыс хаты – жылдар бойы тынымсыз еңбектің нақты бағасы. Дегенмен ол үшін ең үлкен марапат – әріптестерінің құрметі мен халықтың сенімі. Себебі ақ халатқа адалдық танытып, саналы ғұмырын медицина саласына арнаған маманның басты байлығы да – осы.

Кейіпкеріміз – қызметте жауапты маман болса, шаңырағында ардақты ана. Бүгінде екі ұл тәрбиелеп отырған Шолпан Ғалымжанқызы – отбасының берекесін сақтап, бала тәрбиесін де қатар алып келе жатқан жан. Анасының еңбегі мен өмірлік ұстанымын көріп өскен үлкен ұлы оның жолын қуып, медицина саласын таңдаған. Қазіргі таңда оқушы, бірақ болашақта өз таңдауын жасап, медицина саласын, нақтырақ айтқанда, хирург мамандығын таңдауға ниет білдіріп отыр. Ал кіші ұлы да мектеп қабырғасында білім алып, ата-анасының үмітін ақтауға талпынып келеді.

Ұзын әңгіменің аяғына таяғанда «әу баста журналист те болғым келген» дегенді құлақ шала қойындәптерімнен көзімді жұлып алып, жоғары көтердім. Әдебиет әлеміне жақындығын естігенде көңіл кенет жібіп сала берді. Манадан бері тілшілік көзбен қарап отырған, қаламымды енді бір сәт аялдаттым. Мендегі ой, кейіпкер қолына берсем қалай өрбиді екен?!.

**Гүлжан ЕСЖАН**

Белес

# ТҮЛЕКТЕР АЛТЫН ҰЯДАН ҚАНАТ ҚАҚТЫ

**«Мектеп – кеме, білім – теңіз, ұстаз – сол кемені болашаққа бастайтын шамшырақ» деген тағылымды сөз бар. Расында адам өміріндегі ең қастерлі де ұмытылмас кезең – мектеп қабырғасында өткен балалық шақ. Сол бір бал дәуренде шәкірт жүрегіне білімнің нұрын құйып, адамгершілік пен ізгіліктің дәнін себетін – аяулы ұстаздар. Кеше ғана мектеп табалдырығын бүлдіршін болып аттаған оқушылардың бүгін қанаттанып, үлкен өмірге жолдама алуы – ата-ана мен ұстаз үшін зор қуаныш, өлшеусіз мақтаныш. Өмір атты ұзақ сапардың жаңа белесіне аяқ басқан әрбір түлек үшін аттестат алу салтанаты – тек құжат тапсыру рәсімі емес, балалық шақпен қоштасып, арманға жетелер ақ жолға шығатын тарихи сәт.**





Осындай жүрек тебірентер, әсерлі кеш ауданымыздағы әл Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінде 2025-2026 оқу жылының бітіруші түлектеріне аттестат тапсыру және мектеппен қоштасу салтанаты ретінде жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Биыл қасиетті білім ордасынан 75 шәкірт түлеп ұшып, қолдарына білім жолындағы табандылық пен еңбектің жемісі, яғни аттестат алды. Олар алтын ұя мектебімен, балалық шақтың бал күндерімен қоштасып, үміт пен арманға толы жаңа өмірдің есігін ашқалы тұр. Салтанатты кеште мектеп директоры Айнұр Айбосынова шәкірттерінің алған білімді ел игілігіне жұмсап, биік мақсаттарға ұмтылатынына сенім білдірді.

– Қымбатты түлектер! Бүгінгі күн – сіздердің өмірлеріңіздегі ең маңызды әрі есте қаларлық сәттің бірі. Он бір жыл бойы білім мен тәрбие берген алтын ұя мектеппен қоштасып, үлкен өмірге қанат қағып барасыздар. Әрқайсыңыздың жүректеріңізде мектебіңізге, ұстаздарыңызға деген ыстық сағыныш пен алғыс сезімі мәңгі сақталады деп сенемін. «Білім – таусылмас қазына, өнер – өлмес мұра» дейді халқымыз. Сондықтан алған білімдеріңізді ел игілігіне жұмсап, биік мақсаттарға ұмтылыңыздар. Қай жерде жүрсеңіздер де адамдық қасиеттеріңізді биік ұстап, ата-аналарыңыздың үмітін ақтап, туған жердің абыройын асқақтататын азамат болыңыздар. Жолдарыңыз ашық, сапарларыңыз сәтті болсын! – деді Айнұр Шыңғысқызы.

Шарада мектеп директоры түлектердің қолына аттестатын салтанатты түрде табыстады. Биыл білімнің биік шыңын бағындырып, «Алтын белгі» иегері атанған үздіктер қатарында Айзат Тұрсынбек, Балқы Телғара, Саят Әбдібекұлы, Толғанай Тұрсынбек пен Дамир Меңлібай бар. Сонымен қатар Нұрай Рахматулла, Сұңғат Еркін, Еркеназ Оңдасын мен Нұрай Райбекқызы «Үздік аттестат» иеленді. Ал Нұрмұхамед Батырханұлы, Рамазан Серік, Аяулым Жағыппар, Мерей Табынбай, Ақмерей Рүстембекқызы, Балнұр Бегімсал, Аружан Тынымбек, Дильназ Махсұт, Азияда Жамбылқызы негізгі орта білімді «Үздік аттестатпен» аяқтады. Жалпы алтын ұядан биыл 75 түлек қанат қақса, оның ішінде 5 оқушы «Алтын белгі» иеленді, 4-еуі «Үздік аттестат» алды. Қалған 57 түлек мемлекеттік үлгідегі аттестатқа ие болып, болашаққа нық қадам басты.

Еңбек – елдің мұраты, білім – болашақтың шырағы. Мемлекет басшысының бастамасымен «2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жарияланып, еңбек адамдарының мәртебесін арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Осы бағытта Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 14 ақпанда бекітілген «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасын облыста жүзеге асыру жөніндегі Жол картасына сәйкес, 2025 жылдың қаңтар айында әл Фараби атындағы №201 мектеп-лицей базасында өндірістік оқу комбинаты ашылды. Онда оқушыларға тігінші және аспаз мамандықтары бойынша кәсіптік даярлау курстары ұйымдастырылды. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен оқу кабинеттері заманауи құралдармен жабдықталып, қыз балаларға арналған шеберханалар ашылды. 9-11 сынып оқушыларының кәсіби қызығушылығын дамыту, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында бұл жобаға 50 оқушы тартылды. Биыл сол шәкірттердің 25-і аспаз ісі мамандығы бойынша арнайы куәлік алып, еңбек жолына алғаш қадам жасағалы тұр.

Бұл – мектеп қабырғасында алған теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, жас ұрпақтың болашақ мамандығын дұрыс таңдауына бағытталған маңызды бастама. «Еңбек еткеннің еңсесі биік, білім алғанның болашағы жарық» деген нақыл осы игі істің мәнін терең ашып тұрғандай.

Кештің ерекше әсерлі сәтінің бірі түлектерге бағыт-бағдар беріп, әр жетістігіне куә болған сынып жетекшілерінің ақ тілегі болды. Ұлағатты ұстаз Серіккүл Құлысбаева мен Шолпан Қанбаева шәкірттеріне жүрекжарды тілегін арнады.

– Қымбатты шәкірттерім! Бүгін біз үшін қуаныш пен қимастық қатар келіп отыр. Кеше ғана қолымыздан жетектеп, мектеп табалдырығынан аттатқан бүлдіршіндеріміздің бүгінде азамат болып, үлкен өмірге жол тартып отырғанын көру – ұстаз бақыты. Қайда жүрсеңіздер де адамгершілікті серік етіп, білімге деген құштарлықты жоғалтпаңыздар. Біз сіздерге әрдайым сенеміз, әр жетістіктеріңізді мақтан тұтамыз. Жолдарыңыз ашық, болашақтарыңыз жарқын болсын, – деді ұстаздар.

Кеш соңында мектеп түлектері ұстаздарына деген шексіз құрметі мен сағынышын ән арқылы жеткізді. Мектеп түлегі Ерхан Темірханұлының «Ұстаздарым» әні шырқалып, әсерлі әуен көпшіліктің жүрегінен жол тапты. Көзге жас үйірген бұл сәтте түлектер ұстаздарына деген алғысын білдіріп, қимастық сезімін жасырмады.

Ұстаз – жүрекке жол табатын ұлы мамандық. Шәкірт жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі, ата-ананың ақ тілегінің орындалуы. Сондықтан әрбір табысты түлектің артында мейірімге толы ұстаз жүрегі мен отбасының қамқорлығы тұрады.

Ауданда биыл 470 оқушы мектеп бітіру куәлігіне ие болды. Оның ішінде 19 түлек «Алтын белгі» иегері атанса, 43 оқушы «Үздік аттестат» иеленді. Бұл – ауданның білім саласының сапалы жұмысының, ұстаздар қауымының қажырлы еңбегінің айқын көрінісі.

«Болашақ – білімді ұрпақтың қолында» дейді дана халқымыз. Бүгін алтын ұя мектебінен қанат қаққан жас түлектер – ертең ел тізгінін ұстайтын, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне үлес қосатын азаматтар. Қанаттарың талмасын, жас түлектер! Арман асулары сендерді әрдайым биікке жетелесін. Алтын ұя мектептің әрбір күні жүректеріңде мәңгілік жылы естелік болып сақталсын.

**Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА**

Бәрекелді!



# ҚУАНЫШ 132 БАЛЛ ЖИНАДЫ

**Түлектер үшін есте қаларлық ерекше кезең басталды. Қолдарына аттестат алған жас түлектер өмірдің жаңа белесіне қадам басып, болашақ мамандықтарына қарай бағыт алуда. Солардың қатарында әл Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің түлегі Қуаныш Рүстембекұлы да бар. Ол ұлттық бірыңғай тестілеуде 132 балл жинап, жоғары нәтиже көрсетті. Бұл – шәкірттің жылдар бойы тынымсыз еңбегінің, ұстаздардың сапалы білім беруінің және ата-анасының қолдауының нәтижесі. Бүгінде мектеп ұжымы дарынды түлектің жетістігін мақтан тұтады.**

Қуаныш Рүстембекұлы – арманы алысқа жетелеген талапты түлек. Ол мектеп қабырғасында жүріп-ақ өз бағытын айқындап, болашақ мамандығын нақты таңдаған. Қызығушылығы география мен дүние жүзі тарихы пәндеріне түскен.

– Тарихқа деген сүйіспеншілігім ұстаздарымның әсерімен қалыптасты. Сабақты қызықты өткізіп, әр тақырыпты өмірмен байланыстырып түсіндіретін мұғалімдерім мені осы жолға жетеледі, – дейді жас түлек.

Қуаныштың басты мақсаты – тарих пәнінің мұғалімі болу. Ол болашақта білім саласында еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеуді армандайды. Дегенмен өмір жолының нақты қалай өрбитінін уақыттың өзі көрсететінін де жақсы түсінеді. Кейде өзін тек мектеп мұғалімі ретінде емес, одан да кеңірек ойлайды. Магистратурада оқып, тіпті әлем тарихын зерттесем бе деген ойлары да жоқ емес.

Жас түлек болашаққа үлкен үмітпен қарайды. Айтуынша, нақты жоспары көп, бірақ барлығын бірден ашып айтуды жөн көрмейді. «Құпия нәрсе әрдайым қызық қой. Сондықтан барлық ойымды қазбалап айтқым келмейді. Бірақ түбі туған жерге қызмет ету – басты мақсатым» деп қысқа қайырды.

Арманы асқақ, талабы зор түлекпен әңгіме барысында оның ішкі әлемі мен өмірге деген көзқарасы айқын сезілді. Әсіресе білімге құштарлығы мен ізденісі алдағы уақытта үлкен жетістіктерге жетелейтіні сөзсіз.

Қуаныш Көшер ҰБТ-ға дайындықты ерте бастаған. Ол 10-сыныпқа аяқ басқан кезден-ақ, яғни ақпан айынан бастап бар ынтасын алдағы сынама тесттерге бағыттаған. Көпшілігі сияқты ол да қосымша дайындыққа ден қойып, «Juz40» онлайн курсына қатысты. Жас түлектің айтуынша, алғашқы сынама нәтижесі аса жоғары болмаған. Бастапқы көрсеткіш 69 балл көлемінде. Уақыт өте келе тұрақты дайындық пен табандылықтың арқасында білім деңгейі артып, нәтижесі де жақсара түскен.

Оның айтуынша, уақытты дұрыс бағдарлай білу – ең маңызды дағдының бірі. Оқу жылы тәмамдалуға таяғанда түрлі іс-шаралар, мектеп бітіру кешіне дайындық кезеңдері жиі өтетіндіктен оқушы кейде алаңдап, негізгі мақсаттан ауытқып кетуі мүмкін. Сондықтан ол алдын ала жоспар құрып, алдыңғы оқу жылын тиімді пайдалануға көшкен.

– Мен үшін негізгі дайындық кезеңі – қаңтар айында өтетін ҰБТ-ға дейінгі уақыт. Сол аралықта барынша білімді жүйелеуге тырыстым. Өздеріңіз білесіздер, наурыз айындағы тест алдыңғы сынама уақытынан алшақ емес, оны да ескеріп отырдым, – дейді ол.

Мектеп мақтанышының бұл көзқарасы мен жоспарлау тәсіліне қарап, еріксіз «нағыз стратегия құрған талапкер» деген ой туындайды. Әр қадамын алдын ала ойластырып, уақытты тиімді пайдаланғанына қарап, оның жауапкершілігі мен нақты мақсатқа деген байыпты көзқарасын аңғармау мүмкін емес.

11-сыныпқа келгенде Қуаныш Көшер дайындықтың жаңа кезеңіне көшкен. Бұл уақытта жаңа тақырыптарды меңгеруден гөрі, өткен материалдарды жүйелеп қайталауға басымдық берген. Айтуынша, жоғары нәтиженің кілті – білімді жинақтап, қателіктерді дер кезінде түзете білуде. Дайындық барысында сыныптастарымен бірге қызу талқылаулар ұйымдастырып, күрделі сұрақтардың жауабын бірлесе іздеген. Әр сынама тесттен кейін жіберілген қателіктерге қайта оралып, олардың себебін анықтауға ерекше мән берген. «Кейде бір сұрақтың төңірегінде ұзақ пікірталасатынбыз. Сондай талқылаулар есте жақсы сақталады әрі білімді тереңірек түсінуге көмектеседі» дейді ол.

Ең алғашқы маңызды меженің бірі қаңтар айындағы ҰБТ болған. Әңгіме барысында оның қарапайымдылығы да байқалып тұрды. Сол сынақта Қуаныш 128 балл жинап, өзіне деген сенімін нығайта түскен. Алайда ол бұл жетістікті тек өзінің еңбегімен байланыстырудан аулақ. «Бұл нәтижеге жетуіме ұстаздарымның берген білімі, ата-анамның қолдауы, достарыммен бірге дайындалған кездерімнің бәрі әсер етті» дейді өзі. Аттестат тапсыру кешінде ерекше әсер қалдырған сәттің бірі тосыннан табысталған марапат болды. Аудандық білім бөлімінің басшысы жас түлектің жоғары нәтижеге жету жолындағы еңбегін бағалап қана қоймай, сол жетістікке үлес қосқан ата-анасына арнайы алғыс хат табыстады. Бір қарағанда, 132 балл – үлкен жетістік. Жылдап жинаған құрмет, бірақ бұл марапат одан да биіктеп кетті.

Кейбір жастар жоғары көрсеткішке жеткенде бар еңбекті өз еншісіне жазып жататыны бар. Ал Қуаныш керісінше жетістік жолында жанынан табылған жандардың үлесін ерекше атап өтті. Жоғары баллдың салмағын жалғыз арқаламай, оны ұстаздарына, ата-анасына және достарына бөліп бере салды.

Әңгіме барысында Қуаныштың өнерге де жақын екені байқалды. Әсіресе домбыраға деген ықыласын жасырмады. Болашақта Алматы қаласына ат басын бұрғалы отырған түлек жастайынан жан-жақтылығымен ерекшеленген. Сабақтағы жетістіктерімен қатар қоғамдық жұмыстар мен шығармашылық бағыттағы үйірмелерден де шет қалмаған. Ол мектепте жұмысын әлі күнге дейін жалғастырып келе жатқан «Мұрагер» үйірмесінің белсенді мүшесі болған. Осы үйірме арқылы түрлі байқауларға қатысып, бірнеше рет жүлделі орыннан көрінген.

Әңгіме соңында Қуаныштан болашақ тарихшы ретінде өмірлік ұстанымын сұрадық. Аз-кем ойланып алған оның қысқа да нұсқа жауабы – «болашағыңды білгің келсе, өткеніңді зерделе».

**Гүлжан ЕСЖАН**

Салтанатты шара

# АҚСУЛЫҚ ТҮЛЕКТЕР АТТЕСТАТ АЛДЫ

**Ақсу ауылындағы №116 орта мектепте 2025-2026 оқу жылының түлектеріне аттестат табыстау рәсімі өтті. Салтанатты жиынға мектеп директоры Дархан Әбдиев, ұстаздар қауымы мен ата-аналар қатысты. Мерекелік шарада Дархан Тоқбергенұлы түлектерді құттықтап, оларға «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» табыстады.**





– Сіздерді 11 жыл алған білімдеріңізді куәландыратын құжат, яғни аттестат алуларыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Алтын ұя мектепте сапалы білім мен тағылымды тәрбие алып, үлкен өмірге қадам басып отырсыздар. Мектеп қабырғасында жүріп қоғамдық іс-шараларға, білім және спорт додаларына белсене қатысып, ауыл мерейін үстем еттіңіздер. Алдағы уақытта да осы жолдан таймай, қайда жүрсеңіздер де ауыл абыройын асқақтата беретіндеріңізге сенімім мол. Алдағы ұлттық бірыңғай тестілеуден жақсы нәтиже көрсетіп, өздеріңіз таңдаған мамандық арқылы білім алып, білікті маман болып қалыптасуларыңызды тілеймін, – деді мектеп директоры.

Айта кетейік, биыл білім ордасында 248 оқушы білім алған. Оның ішінде 15 оқушы алғаш рет мектеп табалдырығын аттап, 1-сыныпқа қабылданса, 25 бала мектепалды даярлық тобына қабылданған. Сондай-ақ 22 оқушы мектепті тәмамдап, аттестат алды. Оның ішінде 1 түлек «Алтын белгі» иегері атанса, 4 оқушы «Үздік аттестатқа» ие болды. Түлектердің 14-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады. Қазіргі таңда олар ұлттық бірыңғай тестілеудің алғашқы кезеңінен сүрінбей өткен. Мектеп директоры Дархан Әбдиевтің айтуынша, алғашқы тесттен түлектердің алды 122 балл жинаған. Жоғары балл иесі – Ұлжан Бердіғали.

– Түлектер жыл бойы ұлттық бірыңғай тестілеуге үздіксіз дайындық жүргізді. Ай сайын Қызылорда қаласындағы U-Study орталығында тест тапсырып, өз деңгейлерін тексеріп отырды. Биыл 22 түлектің 14-і ұлттық бірыңғай тестілеудің алғашқы сынағына қатысты. Нәтижесі көңіл қуантады. Алдағы екінші сынақтан да сүрінбей өтеді деген сенімдеміз. Таңдау пәндеріне келсек, олардың басым көпшілігі медицина мен педагогика саласын таңдап отыр. Алтын ұяның материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жылдан-жылға жаңарып келеді. Бүгінде интерактивті тақталармен жабдықталған химия, физика, биология, информатика кабинеттері жұмыс жасап тұр. Бұл шәкірттердің әр пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, білімді терең меңгеруіне де ықпал етуде, – дейді Дархан Әбдиев.

Айта кетейік, өткен оқу жылында мектепті 33 оқушы аяқтап, олардың ішінде 1 түлек «Алтын белгі», 6 оқушы «Үздік аттестат» иегері атанған. Сондай-ақ 22-сі ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, өз білімін саралады. Нәтижесінде 15 түлек мемлекеттік грант иегері атанып, 7 оқушы жоғары оқу орындарына ақылы негізде құжат тапсырған. ҰБТ-ға қатыспаған 11 түлек те арнаулы оқу орындарына орналасқан.

Аттестат табыстау рәсімінде үздіктер қатарынан көрінген озат оқушының бірі – Дархан Мырзабек. Ол – «Алтын белгі» иегері. Ұлттық бірыңғай тестілеудің алғашқы сынағынан 105 балл жинаған. Оның таңдауы география-дүние жүзі тарихы пәніне түскен.

– Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындықты 10-сыныптан бастадым. Мен көбіне кітапты күндіз емес, түнде, яғни тыныштықта оқып дайындалдым. Бастапқыда дүние жүзі тарихы мен құқық негіздері пәнін таңдап, заңгер мамандығын меңгеремін деп ойлағанмын. Алайда биылғы оқу жылының қазан айынан бастап таңдау пәнімді өзгертіп, география пәнінің мұғалімі боламын деп шештім. ҰБТ-ның алғашқы кезеңінде 105 балл алдым. Екінші кезең 7-шілде күні өтеді. Бұйыртса, одан да жоғары балл жинаймын деген ойдамын. Сол үшін әлі үздіксіз дайындық жүргізудемін, – дейді Дархан Айдосұлы.

Дархан – білім бәйгесінде топ жарып, мектеп мерейін үстем еткен оқушының бірі. Ол мектеп қабырғасында жүргенде 8 -сыныптап бастап әдебиет пәні бойынша өтетін түрлі байқауларға тұрақты қатысқан. Мәселен, аудандық «Ахмет Байтұрсынов», «Әбіш Кекілбаев», «Ілияс Жансүгіров» оқуларынан III орын иеленген. Мұнан бөлек «Шерхан Мұртаза», облыстық «Әбіш Кекілбаев» оқуларының жеңімпазы. Сондай-ақ география пәнінен аудандық пәндік олимпиада жүлдегері.

Салтанатты шарада түлектерден бөлек, 9-сыныпты үздік бітірген 4 озат оқушыға да аттестат табысталды. Олардың қатарында мектеп мақтанышына айналған Ақжүніс Бүркітбай да бар. Озат оқушы бүгінге дейін түрлі байқауларда жеңіс төрінен көрінген. Тарқатып айтсақ, «Ілияс», «Әбіш» оқулары, «Абай» және «Мағжан», «Шәкәрім» оқулары сынды байқауларға қатысып, аудандық, облыстық кезеңде топ жарған.

– Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындықты 10-сыныптан бастауды ойлап отырмын. Қазіргі таңда «Абай жолын» оқуды қолға алдым. Болашақта қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болғым келеді. Сол үшін қазірден тынбай ізденіп, білім алудамын. Жазғы демалысымды тиімді пайдаланып, әдебиетке және ағылшын тіліне басымдық бермекпін, – дейді Ақжүніс Русланқызы.

Айта кетейік, түлектер алдағы айда ұлттық бірыңғай тестілеудің екінші кезеңінен өтеді. Барлығының көзінде үміт, жүрегінде толқу бар. Жиын соңында біз де түлектердің ата-аналары мен ұстаздарының үмітін ақтап, биік белестерді бағындыратын, елге адал қызмет ететін білікті маман болып қалыптасатынына сенім білдірдік.

**Сезім НҰР**



ӘҢГІМЕ

*– Әке, әке! Кетпеші!*

*Мен арқа-басым суық терге малынып, өз даусымнан өзім шошынаояндым.*

*Биылғы мамыр айының орта шені жылдағыдан өзгеше Алматыны күйдіріп тұрды. Түн қапырықтығы тынысты тарылтып, кеңірдегіңді қылқындырып тастайды. «Тастақ» базарының жанында анам екеуміз шағын ғана жер үйде тұрамыз. Базардың у-шуы, құжынаған адамдардың қара жүрісі қаңсып тұрған ауаны одан әрі кептіріп, қаңырығыңды түтеді.*

# Әке мен бала

Орнымнан тұрып, өзім оқитын мектептің спорт алаңына келдім. Балалар футболдың қызығына беріліп кетіпті. Бір шеттен сыныптасым Жандос келе қалды.

– Ақша табайық, – деді ол.

– Қайдан?

– Айдардың үйіне ұрлыққа түсеміз.

– Жоқ, олай істей алмаймын.

Ол ішімнен түйіп қалды. Мен бүрісіп отыра кеттім. Оған қарсы тұруға шамам жетпейді. «Ұрсаң, ұра бер» деп орнымнан ауыр¬сы¬на тұрдым.

Біздің мектептегі жүйе осылай. Әр сыныпта 2-3 басбұзар бала болады. Өзінен күші аздау балаларға қамқорлық көрсеткен болып, жанында ұстап, төменгі сыныптардан ақша жинатады. Өзіне әбден бағындырып алған.

– Біз – жан аяспас доспыз. Достар бір-біріне көмектесуі керек. Ұрлықты мен жасаймын, сен қарауылдыққа тұрсаң да болады, – деді.

Қанша қырсығып тұрсам да, басымды изедім.

– Сен ертең дене шынықтыру сабағына форма әкелме. Оқушылар сабаққа қатыспаған балаға телефондарын, үйлерінің кілттерін береді де, өздері сабаққа кетеді, сол кезде Айдардың үйінің кілтін бөлек ұста да, маған бер, – деді.

Оның әзіретінің көлеңкесінде жүргендіктен, айтқанына көнбеуге әбдім жоқ еді.

Айдар шешесі екеуі мектептің түбіндегі үйде тұрады. Анасы күні бойы жұмыста. Жандос Айдардың үйіне талай рет барған. Қай заттың қай жерде тұратынын әбден зерттеп алған.

Мен ертеңіне Жандостың айтқанын істедім. Мұғалімнің «келесі жолы сабаққа формасыз келсең, тоқсанға екі шығарамын» деген сөзі маған шыбын өлтірдім дегендей ғана әсер етті.

Сабақтан соң іргедегі көлге шомылуға бардық. Бұл – біздің ойыннан кейінгі әдетіміз. Көлдің жағалауынан түнімен жанындағы «Ангар» деген кабактан араққа сылқия тойып, одан төбелесіп, қабағы жарылып, көзінен ызғар шашқандарды да, саудасын жасап жылмың қаққандарды да, көздері көк тұманданып аласұрғандар мен алпыс екі тамырын махаббаттың шуағына бөлеп, қара тастың өзіне мейіріммен қарап отырған жастарды, жасамыстарды да кездестіруге болады.

Мұнда суға секіретін биік мұнара бар. Балалардың бәрі сол жерден көлге құлдыраңдай орғиды. Оның басына шыққанда айналаң алақандағыдай көрінеді де, өзіңді көлге барып құйылар бір бұлақтай сезініп, жоталанып кетесің. Өрттей лаулап, құйындай құлдыраңдап ұшасың. Достарыңның арасында «тәкәппар» болып көрінгің келмейді. Егер осы биіктен сілкініп тұрып, секіре алмай қалсаң, құның түседі. Балалардың ортасындағы «салмағыңнан» айырыласың. Жазаланасың. Футболда қақпаға тұрып, өткізіп алған әрбір добың үшін майлы құйрығыңды тебуге ұсынасың.

Мен биіктен қорқамын. Мұнараға шыққаныммен секіріп кетуге жүрегім дауаламайды. Қорқақ қылып жаратқан Тәңір ме… құса болам. Санам сансырайды. Жүрегім түйнеледі. Мұндайда зейініме мұңнан басқа ешнәрсе қонақтамайды. Мұнара басына шыққаныммен, секірмедім де, баспалдақтан қайта жерге түспедім де. Менің қарғуымды күткен балалар біраз айналшықтап жүрді де, күтуден жалығып, қолдарын бір-ақ сермеп, өз жөндеріне кетті. Мен орнымнан тапжылмадым. Кешкі салқыннан ба, әлде үрейден бе, денем тітіркеніп, тоңазығандай болды. Жандостың Айдардың үйіне ұрлыққа түсуіне себепші болғанымды айтсайшы. Өз-өзімнен жиркеніп, түңілдім. Не де болса, осы жерден қайта түспеуге бекін¬дім. Байламым осы. Кейін ұрлықтың Жандостан келгенін білді, бірақ дәлелдей алмады. Жандос – қуысбас болғанымен, қусирақ. Төтеннен қойылған әр сұраққа жауабы дайын, сөзі мығым. Жауап бергенде жүзі момақан тартып, ойнақтаған жанары ойлылыққа ауысатын. Мұғалімдер одан жамандық келеді деп ойламайды. Бәлкім оның өктем дауысты әкесінен ығатын да болар. Иә, оның сондай жолындағысын аттап, таптап кететін әкесі бар. Ал менде ше?..

Мені қалың ой жетелеп кетті. Басым, қол-аяғым аман. Мінезімде сойқандық жоқ. Сонда маған не жетпейді? Менің жаным, өзегім, ішкі сарайым неге бос, неге әлсіз? Себебін іздеймін.

Сор келемін десе, аяқ асты ғой. Онда Қордайда тұратынбыз. Әкем көшенің басындағы үйдегі бала-шағасы көп тәтеге кетіп қалғанда, менің әлі мектепке бара қоймаған кезім еді. Көшеде зуылдап өтіп жатқандардың ішінен әкемнің көлігінің даусын жазбай танимын. Жұмыстан қайтар уақытында үйге кіретін биік табалдырық үстіне отырып алып күтетінмін. Бұрылып келсе ғой деп ойлаймын. Көшенің шаңын бұрқыратып таныс көлік зу етіп өте шығады. Жүрісі де баяуламайды. Кей-кейде әкемнің сұлбасын көріп қаламын. Басын басқа жаққа бұрып алады. Мен төмен қарап жер шұқимын. Әкемді бөтен балалардан қызғанамын. Ерлі-зайыптыларды азғырып жүретін ажырасу деген қоғамның бұралқы итінің неге қабатыны-ның түйінін таба алмай, дәрменсіз күй кешемін. Әкемнің бізді тастап кетуі жұлын-жүйкемді үзген.

– Әке, сен қайтып келсең, балмұздақ та, комикстердің супер-қаһармандарының ойыншықтарын да сұрамаймын, – деймін кеуде тұсымдағы қалтама салып қойған суретіне қарап.

Сурет үнсіз.

– Анам көлігінің терезесінің әйнегін сындырмағанда кетпес пе едің?

– Иә, солай, – деп өз сұрағыма өзім жауап беремін. Сурет те күрсінгендей болады. Содан ол бейнені қайтадан орнына салып қоямын.

Осы сәттің суреті өзегіме өксік болып орнығып алған. Қайда жүрсем де өзімнен алыстаған емес. Қайта қалыңдап, қамықтырып жүдететін. Бұл сезімнің титтей ұшқыны да әкеме жет¬пейтінін білемін. Ол мені іздемейтініне де көзім жеткен.

Менің алабұртқан, аласапыран болған көңілімнің құнын бес тиын етіп қаланы қараңғылық басты. «Бүгін не мұнарадан секіремін, не өзіме бір нәрсе істеймін, әйтеуір баспалдақпен қайта жерге түспеймін» деп өз-өзіме сөз бердім. Қалың ой астында қалғып бара жатқам…

– Күнім-ау, сені іздемеген жерім жоқ қой, – деп шешем келіп құшақтай алды.

Өзі еңіреп тұр. Мен қатып қалғандай жібімедім.

– Жүр үйге!

– Бармаймын! – деп зірк еттім.

– Осында түнемекпісің, сонда?

Шешем батылсыздана сұрады.

– Секіріп өлемін.

Бұл сөзім шешеме жер айналып, тау құлап, аспан көшкендей әсер еткенін білемін. Жол апатынан екі қолын, аяғын, жеті қабырғасын сындырып, төсек тартып жатқан жерінен енді тұрған кезі еді. Көңілін астаң-кестең етпеуіме де болады. Бірақ осы уақытқа дейін өзімнен күші басым балалардың психологиялық қысымы, әкесі барлардың өр кеуделілігі мені өзгертіп жіберген. Бандит бала, атаман бала болғым келеді. Оған бірақ мотивация жетпейтін. Алдымда ағам, артымда інім жоқ, сүйенетін арқа тұтар әкем жоқ. Күн сайын өзімнен күші басым балалардан таяқ жейтінмін. Сол жанымды жүдеткен.

– Өміріңнің түйінін өлім шеше ме?

Анам дәтке қуат болар ешнәрсе таба алмағандай нали сұрады.

– Иә, айналып келгенде менің осындай «тәкәппәр» болып жүргеніме сіз кінәлісіз, сіз. Бір нәрсе айтсам «ой, ол сенің қолыңнан келмейді, сенің мінезің жаман ғой» деп бетімнен қағып келдіңіз. Менің бір ісімді мақтап, арқамнан қаққан кезіңіз болды ма?

Өзегімдегі қақталып жүрген ыс-жалынды лақ еткіздім. Анам тұқырып қалды. Менің бойым сәл болса да жеңілдеді. Біреудің ерік-жігерін жаншу бойыма рахат сезім береді екен.

Анам тілі мен үнін жұтып қойғандай мелшиіп отырып, біраздан соң: –Тұзыңа тышпа! – деді.

Сөзі зілді шықты.

– Өзіңді айта бермей, біруақ менің де халіме үңіліп, түсіністікпен қара. Менің сорымның қалыңдығы шашымдай. Мына өмірдің ыңғайлы өткелінің қайда екенін білсем, шашым жасыма жетпей ағармас еді ғой. Бір сен деп жүрмін. Не таршылық, не жамандық көрдің? Өз қауқарсыздығыңды өзгеге жаппа. Әкесіз өскен жалғыз сен бе? Жоқ, әлде әкесіздердің бәрі шетінен өліп жатыр ма? Елдің ұлдары жоғын айтпай-ақ қасқыр-жүрек болып жүр ғой.

– Онда сондай қасқыр-жүрек ұлды бала етіп алыңыз.

– Алла берген ондай баланы. «Ол ондай болмаймын» деп отырса, бойындағысын бағаламаса, не істеймін, айтшы, не істейін? Сен сырттан іздеп жүрген бақыт өзіңнің ішіңде жатыр.

– Қайда ол, қай жерде жатыр? Не ішкенге, не жегенге жарымаймыз! Менің ішкі тығыным атылғандай лақылдатып жатырмын.

– Сыныптасың Алмасқа қарашы. Аяқ астынан, ойлама¬ған жерден мүгедектің арбасына таңылып қалды. Көл-көсір ақша да, қабат-қабат үй де, әке де, шеше де көмектесе алмады. Балам, бақыт деген өзіңнің қанағатың екенін мен де кеш түсіндім. Қателіктерім де содан басталды. Сен ақылды баласың. Өз бойымдағы кемшіліктердің сенде болмағанын қалаймын. Сен – менің жүрегімнің ішіндегі жүрегімсің.

Шешем иығымнан ұстап, құшақтады. Бұл жолы мен де оның бауырына тығылдым. Екеуміз де ұзақ жыладық. Бір-бірімізідің қадірімізді енді ғана түсінгендей болып, мұнара баспалдақтарын іштей санап, төменге түстік.

Менің мұнарадан секірмегенімді балалар білген жоқ. Жандос аяқ астынан басқа мектепке ауысып кетті. Келесі күні ойында ең белсенді шабуылшы болдым.

– Анашым, бүгін қарсыластардың қақпасына 3 доп соқтым! – деп үйге дабырлай кірдім.

– Ақырын, әкең келді, ұйық¬тап жатыр, – деді анам екі саусағын ерніне басып.

Күнде атқарып жүрген, бойы үйренген әдеті осы секілді. Өзі тым жайбарақат. Күтпеген жағдайдан миыма құрт кіріп кет¬кендей, қас пен көздің арасында жандүниемнің астан-кестеңі шықты. Шекемнен қара тер бұрқ етті. Жатын бөлмеге кірдім. Шынымен-ақ, еңгезердей қара сұр адам ұйықтап жатыр. Қабағы түксиген. Шаштары тікірейген. Беті безеудің ізінен бұжыр-бұжыр, әжімді. Кеуде тұсыма сақтап жүрген суретті алып салыс¬тырдым. Кескін-келбетін ұқсаттым да, ұқсатпадым да.

Анам кешке дастархан жайды. Әкем келіп жайғасты. Өзге¬ше бірнәрсе болатын шығар деп күттім.

– Ертең Ильичевка жаққа жүреміз. Демалысты Шымкентте өткізесің, – деді.

Әңгіменің басы да, аяғы да осы болды. Жауап күтіп, бетіме қарады.

– Жарайды! – дедім екі ойлы қалыпта.

– «Жарайды, әке» деп айт! – деп түзетті сөзімді.

Даусы дөрекі естілді. Үндемеп едім, тағы қайталады.

– Жарайды, әке! – дедім даусымды тістерімнің арасынан сыздықтата шығарып.

Ильичевка менің ұғымымда Сицилияның Палермосы секілді. Ол жерде тұратындар үшін өз ауылдары Мысыр шаһарындай. Әкем – сол ауылдың тумасы. Мені ауылға апармақшы.

«Жамандықтың бет-жүзі болмайды» деген рас. Оның бет-әлпетінен ешнәрсе байқай алмадым. Менің көзімдегі үрейге, бойымдағы қорқынышқа селт етпейтін секілді. Баяғыдан бері бізбен бірге тұрып келе жатқандай, шайын асықпай, сораптап ішуде. Көрмегеніме он жылдан асқан әкенің кенеттен қайта оралуы өмірімнің қалыпты ырғағын бұзып жіберді. Бөтен, жылуы жоқ жан баса-көктеп келіп, өз өктемдігін жүргізбекші. Анам бәріне үнсіз келісуде. Әкесін көрсін дегені ме…

Шымкентке бағыт алып барамыз. Көлік ішінде екеуден екеуміз. Үнсізбіз. Еркелей білмеймін бе, еркелегенімнің тұрпаты сол ма, қыңырайып отырмын. Сол қасарғыштығыма жылылықпен жауап берсе деймін. Ит те иесіне еркелейді ғой. «Әке деген осындай болу керек» дей ме екен, әлде «алғашқы күннен ықтырып алайын» деген ойы бар ма, ызғарлы да қатал. Өз-өзіне кереметтей сенімді. Жол-жөнекей сатып алған тамақтарын жемей қойдым, ол да маған мәймөңкелемеді. «Неге жемейсің?» деп сұрамады да. Менің қалап тұрған тамағымның жанынан мән бермегендей болып өте шығады. Екеуміз де бір-бірімізге тістеніп келеміз. Жетісайға барар жолда дарияға бір сүңгіп шығуға тоқтадық. Қайыққа отырдық. Ескекті ма¬ған ескізді. Бірінші рет ұстап тұрсам да, тырмысып есіп келемін. Екеуміздің арамызда әңгіме жоқ. Бір-бірімізге өшігіп отырған адамдаймыз. Ара-арасында мен жаққа көзінің астымен қабақ шыта қарап қояды. Менің ішкі арпалысым өшпенділікке айналып бара жатқандай. Қандай қатыбас, ит мінез. «Әке» деп айтуға ішімдегі қатып қалған түйіндер жіберер емес.

Жағалауға иегін сүйеп тұрған бір мүйіске келіп тоқтадық. Балық аулау деген бір қызық іс екен. Жағалауда үн-түнсіз, тапжылмай сағаттап отырасың. Қармағыңа ештеңе іліне қоймайды. Бірақ рахат. «Психотерапия, медитация» деп тренинг өткізіп, ақша табатындар үшін мына жер саялы орын. Қиялыңды қалай қалықтатады десейші…

Батыстан тұтасқан бұлт көрінді. Жаңбыр иісі келді. Су беті бозғылт тартты.

– Кеттік! – деді.

Темірден жаратылған адамның даусындай сезімсіз шықты.

– Балық қапқалы тұр, сәл күте тұрыңыз! – дедім бетімді бұрмай.

– Онда қал! – деді де, құрал-жабдықтарын жиыстырып, қайыққа салып, машинасын қойған жағаға қарай қайырылмай кете барды. Жай басталған жаңбыр екпіні күшейе бастаған. Жейдешең отырған менің арқамды суық қарып барады. Әкемнің (әке деп те айта алмаймын) мына қылығы өкпелетіп, қолқа жүрегімді алқымыма тақап қойды. Төбемнен төмен қарай құйылған жаңбыр суы мен көз жасым араласып кетті. Бір орнымда қатып қалғандай, тапжылмай отырмын. Иегімнің қалшылдауы мен дарияны қоршаған бұталардың селкілдеуі қоғамның қандай нәрсеге болса енжар болып кеткендігінің суретіндей болып бойымды езіп тұр.

Әкем екі-үш сағаттан кейін бұлт астынан шыққан күн жаңбырды ығыстырғанда, айнала тынышталғанда мен отырған жерге қайта келді. Түк болмағандай: – Кеттік! – деді тағы да.

– Мен сенімен енді ешқайда бармаймын!

Шатынап тұрып, ақшия жауап бердім. Осы сәт шапалақтың шарт ете түскенін аңдамай қалдым. Көзімнің оты жарқ ете түсті. Ішімде бір топалаң басталды дейсің. Балық аулап отырғандағы қиялдарым мен мақсаттарымның быт-шыты шықты. Жын ұрып кеткендей болдым. Бар дауысыммен айқай салдым.

– Сені кім шақырды, сендей әкенің көк тиынға да керегі жоқ. Осы күнге дейін қайда болдың? Мені таптауға, ұруға, жігерімді құм қылуға келдің бе? Кімсің өзің?

Көзіме қан толып кетті. Өзіме өзім ие болудан қалып барамын. Көзім оның қалтасынан бір ұшы шығып тұрған бәкіге түсті. Асқан бір жылдамдықпен суырып алдым да: – Өлтіремін сені! – дедім.

Қалған көңіл – шыққан жан деп тұрмын. Менің жаным мен жүрегімді енді түсінгендей, жүзіндегі кешелі бергі аяз жібіп, басқа түрге енді. Өзінің ісіне ұялғандай, қателіктеріне бармақ тістегендей. Шарт кесілгелі тұрған тағдырды қайта бір жымдастырғысы келіп тұрған сезімді мен қалай ұқтым, ол жағын білмеймін, жүрегім дыз ете түсті. Ашу мен ақыл алмасып барып, сабаға түсе бергенде, қолымнан бәкі жерге түсіп кетті. Әкем жерден алды да, тұнжырай қарады. Ақырындап маған жақындай берді. Қамсыздығыма өкініп тұрмын. Ішімді үрей кеулеп барады. Қарсы алдымдағы жан жақыным ба, әлде жат адам ба, ажырата алмай көзім тұманданды. Беталды жүгіре жөнелдім. Артымнан қуып келеді:

– Балам, тоқташы, тоқта! – деп айқайлайды.

Даусы жалынышты. Мен өзімді тоқтата алмай келемін. Тіленіп, өтінген сайын зуылдаймын. Белгісіз бір күш дәл қазір тоқтасам жағдайды мүлде өзгертіп жіберетіндей.

– Балам! Балам! – дейді шырқырап.

Дәті берік болып көрінген адамның елжіреуі бүйрегіңді бүлк еткізеді екен. Жүгіргеннен өкпем өше бастағанда, жағалаудағы биік ағаштың басына өрмелеп шықтым да: – Ағаштың ұшар басынан түбіндегі қара тасқа секіріп өлемін! – дедім.

Әкем ағаш түбінде ентігін баса алмай тұр.

– Айналайын! Қорқытпашы! Кешір мені!

Біреу кешірім сұраса, елжіреп қаламын. Әкеме жайбарақат қана көз тастадым. Ағаштың жуан бір бұтағынан ұстап өрмелеп келеді екен. Ол жақындап қалғанда секіріп кеттім. Тасқа түспей, суға күмп бердім. Әкемнің ұстап тұрған бұтағының шарт сынғанын көзім шалды. Кешелі бері мүләйімсіп, тыныш жатқан дарияның ағыны бүгін тым қатты. Мөлдір моншақтай болып көрінетін су тамшылары қазір таудай-таудай толқынға айналған. Дария өз-өзінен тулап, шулап кетті.

* * *

Маған қара күшпен жан-жағын ықтырып жүретін адамдар ұнайды. Соларға қызығамын, еліктеймін. Өзгелердің қолпаштағаны, мақтағаны жаныма майдай жағады. Ерекшеленіп тұрғанды жақсы көремін. Жандос басқа мектепке ауысқан соң «айналамда жүрген балалар менен сескеніп жүрсе» деген мінез пайда болды. Бокстан үйренген әдіс-тәсілдерімді былғаныштау бағытқа жұмсадым. Айналамдағыларды ықтыра бастадым. Мектебімізде муай тай спортынан Азия, Еуразия чемпионы болған бала оқиды. Сол ғана маған шекесінен қарайды. Ол тәкаппар, қатал болатын. Оның бұл мінезі намысыма тиді. Менің бойымда да қабілет мол. Бірақ мен бірнәрсеге қол жеткізе қояйын деп өзімді қинамаймын. Сол бірде спарингке шақырды. Муай тай – тайландық жекпе-жек өнері. Соққы беру. Соққы басқа да, қол-аяққа да, тізеге де беріле береді. Ережесі қатал. Біздің мектептің бүкіл қызы, ұлдары жиналған. Бокстаса бастадық. Соққылары жеңіл секілді. Ұру тәсілін білмейтіндей көрінді. Сөйтсем айласы екен. Ашық қалған тұстан естен тандыра соққы берді. Ешнәрсе көрмей қалдым. Шайқалақтап тұрмын. Өзімшіл өжеттігім оянды. «Я духом сильный» деп ойлап үлгердім. Айнала шуды естімеймін. Муай тайда бас-көзге қарамайсың. Сәл есім жиналғанда астына кіріп, құлаттым да, ұра бастадым. Құлағанды соққылау әдетімде жоқ еді. Бұл жолы ол ұстанымнан айнымдым. Жиналғандар әзер дегенде ажыратты.

Жекпе-жекке аудандағы «бандитпіз» деп жүрген балалар да жиналған болатын. Суық қарулары да бар. Абырой болғанда жағдай ушықпай аяқталды. Ертесі бұл оқиғадан қаладағы біраз жұрт хабардар болды. Мектепке төбелеске қатысқандардың да, қатыспағандардың да ата-аналары шақырылды. Көбі мықты, құзырлы орындарда жұмыс істейтіндер. Әркім өз баласын ақтап әлек. Кеше ғана көшеде жүргенде бір иығымды төмен, бір иығымды жоғары ұстап, қыр көрсететін мен бүгін әркімнен бір сөз естіп, тауым шағылып, әл-дәрменім құрып тұрмын. Сүйенер, қорғаныш болар менде әке жоқ. Шешем келді. Бауыры тілгіленіп жылап тұрды. Мені мектептен шығаратын болды. Басқа жол жоқ. Біздің сыныпта директордың баласы оқитын. Оқиғаның ішінде ол да болған.

Жүрегім қанталап, жан-жақтан қойылған сұраққа: – Менің сөзімнің біріне сеніп, біріне сенбейсіздер. Олай болса, анық-қанығын Арғынбектен сұраңыздар, – дедім.

Директор селк ете түсті.

– Арғын да болды ма? – деді.

Дүйім жұрттың алдында айтылғандықтан, енді оны да шақыруға тура келді. Жағдай бір сәтте басқаша сипат алды.

– Жігіттердің арасында не болмайды? Бас жарылып, қол сынған жоқ, –деп директор ушығып тұрған жағдайды сылап-сипап түк болмағандай етіп шығарды. Чемпион бала екеуміздің бір мектепке сыймайтынымызды біліп, қолма-қол оны басқа мектептің директорымен сөйлесіп, сонда ауыстырды.

Тал қарматқан осы оқиға маған әкені қатты іздеткен. Бір ойым «дұрыс істедім, өзімді дәлелдедім» деп ақтап жатса, екінші бір ойым «оңбайсың» деп өзімнен түңілдірді, жиіркендірді. Мұндайда ақылдасар әкенің болғанын қаладым, Жаратқаннан жалынып сұрадым. Тілегімнің орындалуын күттім, көп күттім. Келсе, ажырамаспын дегенмін. Келіп еді, қашып барамын. Толқынмен арпалыса жүріп, артыма қараймын. «Менен көз жазып қалмасам екен» деген ұмтылыспен малтып келеді. Қалайда маған жетсем екен дейді. Қарғып-қарғып кеткісі келетінін сеземін, қауіп-қатерді елемейтін секілді. Тасқын жолын бөгеген сайын жанұшыра құлаштайды. Дәл қазір мен үшін, менің суға батып кетпеуім үшін жанын, жүрегін беруге әзір екенін «балам, балам!» деген бірде құлағыма жетіп, бірде үзіліп естіліп жатқан даусынан сеземін. Жағаға жақындағанымда айнала бір сәт жым-жылас, жым-жырт бола қалды. Дүние тынғандай. Дария ернеуінен асып тасымағандай. Жағалаудағы шөптер де сыбдырсыз. Әр жер әр жердегі дөңкиген тастарға қараймын. Мелшиіп тұр. Бүгінгі күннің әлегінен санам сансыраған ба, әлде шынымен солай ма, дария баяу ғана тербеліп жатыр. Әкем су бетінен де, жер мен көктің арасынан да көрінбейді. Жейдемнің қалтасында тұмардай болып сақталып жүретін суретін қолыма алайын десем, түгі қалмай езіліп кетіпті.

– Әке! Әке! Кетпеші!– дедім талықси, тұншыға айқайлап.

**Ділдәр МАМЫРБАЕВА**

# ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

**Қоғам дерті болған сыбайлас жемқорлықпен күрес күн тәртібінен түспейді. Оның алдын алу бағытында нақты шаралар жүзеге асырылып, оған жол бергендер зардабын тартуда. Мұны болдырмау тұрғысында келелі жиындар әрдайым өткізіліп келеді.**

Жалағаш ауданы әкімдігінің №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы ісқимыл» үлгілік базалық бағытын іске асыру жобалық картасына сәйкес, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау», «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» жобалары бойынша Мақпалкөл ауылдық округі әкімінің аппаратына бағынысты квазимемлекеттік сектор ұйымдарында ішкі талдау жұмыстары жүргізіліп, жемқорлықты болдырмау бағытында ақпараттық түсіндірмелер жүргізілуде. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 1 рет құқықтық оқыту ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған шара бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттандырылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қоғам дертімен күреске қоғам болып атсалысуымыз керек.

**Мардан ТОҒЫЗБАЕВ,**
**Мақпалкөл ауылдық округі әкімі**

Сақтансаң сақтайды

# ҚАУІПСІЗДІК ҚАПЕРДЕ БОЛСЫН



Жазғы демалыс кезінде балалар мен олардың ата-аналары уақытын су айдындары мен бассейндерде жиі өткізетіні белгілі. Алайда өкінішке орай суға шомылу кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін балалардың барлығы бірдей біле бермейді. Кей жағдайда ережелерді білсе де, оны сақтауға немқұрайлы қарайды. Тіпті ересектердің өзі қауіпсіздік талаптарына жеткілікті деңгейде мән бермей жататын жағдайлар жиі кездесдуе.

Мұндай салғырттықтың соңы қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан суға шомылу кезінде балаларды қараусыз қалдырмай, рұқсат етілмеген жерлерде суға түспеген жөн.

Балалардың қауіпсіздігі ең алдымен ересектердің жауапкершілігінде екенін естен шығармаған дұрыс. Қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтау арқылы ғана қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

# Мақпалкөл ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін 2026 жылдың ІІ тоқсанында қабылдау кестесі

| р/с | Жеке қабылдау-ды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдау-ды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері | Байла-ныс теле-фоны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тоғызбаев Мардан Марсбек-ұлы | Мақпалкөл ауылдық округі әкімі | Сәрсенбі, Жұма сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін | Т.Жүргенов ауылы М.Нұрылдаев көшесі №23 | 35-1-51 |

## Сәбит СЕРІКБАЕВ



2026 жылы 17-маусымда ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы, ғалым-агроном Серікбаев Сәбит Кәрібозұлы дүниеден өтті. Сәбит Серікбаев 1954 жылы 25-қыркүйекте дүниеге келген. Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетін бітірген. 1976-1979 жылдары Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында агроном, бас агроном, агрохимик, 1979-1983 жылдары Жалағаш аудандық комсомол комитетінің екінші, бірінші хатшысы, 1985-1996 жылдары Жалағаш ауданындағы Аққұм совхозының директоры, 1996-1999 жылдары Жалағаш ауданы, Жаңаталап совхозының директоры, 1999-2001 жылдары Жалағаш ауданы «Жалағаш құнарлылық» акционерлік қоғамының президенті болып абыройлы еңбек етті.

Ол 2001-2002 жылдары Жалағаш ауданы, «Ақарық ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, 2002-2006 жылдары Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылы, «Байрақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, 2006-2008 жылдары Қызылорда қаласы «Қызылорда мұнай өңдеу зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, 2008-2010 жылдары Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округінің әкімі, 2010-2012 жылдары «Ер-Али» шаруа қожалығының кеңесшісі, 2012-2021 жылдары Қызылода облыстық табиғат ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Табиғат» мемлекеттік-қазыналық кәсіпорын директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Облыс әкімінің, Қызылорда қаласы әкімінің «Құрмет» грамоталарымен, алғыс хаттарымен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы, ғалым-агроном Серікбаев Сәбит Кәрібозұлының дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен ағайын-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұмның топырағы торқа, жайы жәннаттан болсын, артында қалған ұрпағына, әулетіне амандық берсін!

**Жалағаш ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат депутаттары,**
**ауданнан сайланған облыстық мәслихат депутаты,**
**аудандық қоғамдық кеңес, ардагерлер және әйелдер кеңесі**

## Журналист басқа мамандықта

# ДӘРІГЕРДІҢ БІР КҮНІ

**Бейсенбі. Аудандық емхана алдында тұрмыз. Сағат тілі 07:55-ті көрсетіп тұр. Бүгін жұмыс уақытым әдеттегіден ертерек әрі ерекше басталғалы тұр. Себебі бүгін мен «Журналист басқа мамандықта» айдары аясында ақхалатты абзал жандардың жұмысымен таныспақпын. Бүгінгі әріптесім – №5 аймақтың жалпы тәжірибелі дәрігері Гүлжайна Бүркітбай.**



Жұмыс уақыты басталысымен аймақ тұрғындарын қабылдауға кірістік. Бүгін дәрігердің қабылдауына 30 науқас тіркелген. Әртүрлі диагноз бойынша тіркелген тұрғындарды әріптесім кезек-кезек қабылдап, шағымын тыңдап отыр. Бүгінге дейін қолыма тек қаламсап пен қойындәптер ұстап үйренген мен әріптесімнің нұсқауымен алғаш рет тонометрді қолға алып, науқастардың қан қысымын өлшеп көрдім. Осылайша таңғы сағат 8.00-де басталған жұмыс түскі 14:00-ге дейін ұласты. Осынша уақытта бүгінгі әріптесім Гүлжайна Ерланқызымен 27 аймақ тұрғынына көмек көрсеттік. Оның 14-і – мектеп жасындағы бала. 3-еуі жазғы демалысын тынығу лагерінде өткізу үшін тексеруден өтуге келсе, 4-еуі – мектеп бітіруші түлек. Олар алдағы уақытта жоғары оқу орнына құжат тапсыру үшін алдымен дәрігер бақылауынан өтуге бел буған. Сондай-ақ алғаш мектеп табалдырығын аттайтын жеті бүлдіршін де бүгін тексерілуге келді. Мұнан бөлек 3 нәресте бір айлық тексеріске келіп, 2 бала екпе алды. Сондай-ақ әріптесіммен бірге қанқысымы, бауыр және бүйрек ауруларымен шағымданып келген алты тұрғынды күндізгі емдеу бөліміне ем алуға жолдадық.

Ювенильді ревматоидты артрит диагнозы бойынша есепте тұрған бүлдіршінді Алматы қаласындағы Ұлттық ғылыми хирургия және балалар орталығына стационарлық ем қабылдау үшін портал қызметі арқылы жолдама бердік. Науқас небәрі алты жаста, дерт осыдан үш жыл бұрын анықталып, ай сайын ем қабылдап келеді.

Бүгінгі қабылдауға көбіне балалар келді. Сағат 12-ден өте тұрғындарға арналған қабылдауды «дәрігер көмектесіңізші» деген ананың жанайқайы бөлді. Әріптесім шұғыл баланы өз қолына алып, дереу тексеруден өткізді. Тексеру барысында баланың күні кеше қарбыз жегеннен кейін жиі құсқаны анықталды. Осы ретте дәрігер анасына балаларға әлі жеміс-жидек, көкөніс жеуге болмайтынын түсіндірді. Мұнан кейін кішкентай бүлдіршінге қажетті ем-шара жүргізіп, дәрі-дәрмек тағайындады. Сондай-ақ анасына бала күтіміне байланысты еңбекке жарамсыздық парағы ашылды.

Аймақ тұрғындарын қабылдап болған соң екеуміз түскі үзіліске шықтық. Азғантай уақытты тиімді пайлаланып, әріптесімді әңгімеге тарттым. Оның бұл салада жұмыс жасап жатқанына биыл 10 жылға жуықтапты. Бала күннен ақхалатты абзал жан болуды армандаған әріптесім Ақтөбе қаласындағы Марат Оспанов атындағы медицина университетінде «Жалпы медицина» бойынша білім алып, кейін «Жалпы тәжірибелі дәрігер» саласы бойынша интернатурадан өткен.

Ол пандемия кезінде індеттің бетін қайтару жолында қажырлы еңбек етіп, науқастармен тығыз байланыста болған. Саналы ғұмырын медицина саласымен ұштастырған әріптесім тұрғындардың алғысына бөленіп, бүгінге дейін басшылық тарапынан оң баға алып келеді. Мәселен, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының «Құрмет» грамотасымен және аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталған. Мұнан бөлек «Медицина саласының үздік дәрігері» төсбелгісі де әріптесімнің кеудесінен орын алған.

Түскі үзілістен кейін қарбалас жұмыс қайта басталды. Ол түстен кейін, яғни сағат 16:00 мен 18:00 аралығында аймақты аралап, тұрғындар денсаулығын тексеру қажеттігін айтты. Бүгінде оның аймағында 1700 тұрғын бар. Ол аудандағы І.Қабылов, С.Қалыбаев, А.Бисенов, Тоғанас батыр және Наурыз шағын ауданындағы тұрғындардың денсаулығына жауапты.

Ең алдымен Наурыз шағын ауданын араладық. Бүгінде бұл ауданда 170-ге жуық тұрғын бар. Тарқатып айтсақ, оның ішінде 9-ы егде жаста, 19 мүмкіндігі шектеулі жан бар. Ең алдымен дауна ауруы бойынша есепте тұрған Інжу Русланқызының денсаулығын тексеруге бардық. Науқас 12 жаста, туабітті дауна сырқатымен ауырады. Тексеру барысында жасөспірімнің жалпы жағдайы толық бақылауға алынып, ата-анасы тарапынан науқастың денсаулығына қатысты ешқандай шағымы жоқ екені айтылды. Әріптесім мүмкіндігі шектеулі жандар үнемі өзінің тікелей бақылауында екенін айтады.

Мұнан кейін С.Қалыбаев көшесі тұрғынының шаңырағына аялдадық. Әріптесімнің айтуынша, бұл үйде жас ана Айдана Болтай тұрады. Ол жақында ғана сәбиін бауырына басып, алғаш ана атанған. Екеуміз кішкентай батырдың денсаулығына толық көз жеткізген соң, жас ананың да жағдайын жіті тексеріп шықтық.

– Гүлжайна дәрігерге алғысым шексіз. Шыны керек, алғаш рет ана атанғандықтан көп нәрсені біле бермеймін. Балам кішкене мазасызданып жыласа, дереу дәрігерге хабарласып, көмек сұраймын. Сондай қысылған сәттерде әркез жанымнан табылып, көмегін аямайды, – дейді жас ана.

Осылайша әріптесіммен өткізген бір күнде түске дейін емханада тұрғындарды қабылдап, түстен кейін екі отбасының шаңырағына барып, олардың жағдайымен таныстық. Бір сәт өзімді дәрігер сезінген мен де Гүлжайнаның әр науқасты жылы жүзбен қарсы алып, мұқият тыңдап, бар ықыласымен көмек көрсетуге тырысқан сәттеріне куә болдым. Дертіне шипа іздеген жандардың жанарынан дәрігерге деген шексіз сенім мен үмітті анық аңғардым. Сол сәтте ақхалатты абзал жан болу тек ем тағайындап, диагноз қоюмен шектелмейтінін түсіндім. Әр адамның денсаулығына жауапкершілікпен қарап, қиын сәтте жанынан табылып, үмітін үзбей, сенімін ақтай білу – дәрігердің басты міндеті. Алғысқа бөленіп жүрген әріптесіміздің бойынан біз бүгін осы қасиеттерді анық байқадық.

Осылайша Гүлжайна екеуміздің жұмыс күніміз де аяқталды. Расында, жұмыстың оңайы жоқ, әр саланың өзіндік қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Алайда адам тағдыры мен денсаулығына жауапты болудан артық жауапкершілік жоқ шығар. Себебі дәрігер болу – үлкен сенім мен жауапкершілікті арқалайтын абыройлы мамандық. Бүгінгі жұмыс күнінен осындай ой түйдім.

## Маман мерейі

# ҚАНДАУЫРЫ АЛТЫН ҚУАНЫШ

**Хирургия – ең күрделі саланың бірі. Мұнда науқастар ауыр жарақаттармен, түрлі сынықтармен және шұғыл медициналық көмекті қажет ететін жағдайлармен түседі. Сондықтан бұл сала дәрігерлерден жоғары жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті талап етеді. Аудандық ауруханадағы хирургия бөлімінде талай науқастың отбасына аман-есен қауышуына септігін тигізген қолы жеңіл, қандауыры алтын дәрігерлер бар. Соның бірі – хирург, травматолог-ортопед Қуаныш Әбдіраманов.**



Бейсенбіде кейіпкеріміздің жұмысымен танысу үшін хирургия бөліміне жол тарттық. Бөлімнің кіреберісінде дәрігерге қаралуға келген науқастардың қатары қалың екен. Бірі жарасын қайта таңдыруға келсе, енді бірі баласын көрсетуге әкеліпті. Әр науқаспен жылы сөйлесіп, оның бізге «алдымен алдымдағы науқастарды жіберіп алайын, кішкене күте тұрыңыздар» деген сөзіне қарап, халық саулығын бәрінен жоғары қоятынын аңғардық.

– Бала күнімнен биология пәніне ерекше қызығушылық танытып, сүйіп оқыдым. Сонымен қатар атам жиі сырқаттанып қалатын. Сол кезде «атамды дертінен айықтыру үшін дәрігер боламын» деген бала арманым қалыптасты. Осы мақсат мені алға жетелеп, 2010 жылы Астана қаласындағы медицина университетіне оқуға түстім. Еңбек жолымды алғаш рет Астана қаласындағы медицина колледжінде оқытушы болып бастадым. Кейін Атырау қаласындағы әскери бөлімде хирург дәрігер қызметін атқарып, тәжірибе жинақтадым. Мұнан кейін туған жерге оралып, Жалағаш аудандық ауруханасына хирург дәрігер болып жұмысқа орналастым. Тәжірибеммен қатар білімімді одан әрі жетілдіру үшін травматолог-ортопед мамандығын таңдап, академик Н.Ж.Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология орталығында резидентура бойынша білім алдым. Нәтижесінде былтырдан бері аудандық аурухананың хирургия бөлімінде травматолог-ортопед әрі хирург дәрігер ретінде еңбек етіп келемін, – дейді Қуаныш Алмабекұлы.

Айта кетейік, кейіпкеріміз хирургия және травматология-ортопедия саласы бойынша елуден аса науқасқа ота жасап, олардың сауығып, қалыпты өмірге оралуына өз үлесін қосқан. Дәрігердің айтуынша, ол жоспарлы отадан бөлек, көбіне шұғыл жағдайда жасалатын оталарды жүргізеді.

Білікті маманның айтуынша, күн сайын хирургия бөліміне түрлі диагнозбен 40-қа жуық науқас келеді. Олардың бірқатары қажетті ем-домын алып, жағдайы жақсарған соң үйлеріне жіберілсе, енді біріне шұғыл медициналық көмек көрсетіледі. Дәрігер жұмыс барысында бір күнде ота залынан шықпай, тізе бүкпестен қатарынан үш науқасқа ота жасаған кездер де кездескенін айтады. Мәселен, жуырда ғана білікті дәрігер бір күнде қатарынан үш ота жасап, сәтті аяқтаған. Алғашқы науқас пышақ жарақаты бойынша түскен. Дәрігердің сөзінше, пышақ науқастың ас ішегін тесіп өткен. Екінші науқасқа жедел аппендицит диагнозымен аппендэктомия отасы жасалса, үшінші ота велосипедтен құлаған кішкентай бүлдіршінге жасалған. Балада иық сүйегі айдаршығының ығысқан сынығы анықталып, қажетті хирургиялық көмек көрсетілген.

Жол-көлік оқиғаларының салдарынан түрлі дене жарақатын алып, медициналық көмекке жүгінетін тұрғындар да бар. Бұл пікірімізді кейіпкеріміз де құптады. Айтуынша, жуырда ғана жол-көлік апаты салдарынан бөлімшеге бір мезетте алты науқас түскен. Оның екеуі қажетті ем-шараларын алып, сол күні үйлеріне жіберілсе, қалған төрт науқас түрлі сынық жарақаттарымен бөлімде дәрігерлердің бақылауына алынып, тиісті ем қабылдаған.

– Былтыр травматология-ортопедия мамандығы бойынша резидентураны тәмамдап, еңбек жолымды бастаған кезім. Әріптесім, бөлім меңгерушісі Жарқынбек Алтынбекұлы кезекті еңбек демалысына шыққан. Түнгі кезекшіліктің бірінде, шамамен сағат 3-4 кезінде бөлімге 30 жастан асқан бір науқас пышақ жарақаты бойынша түсті. Өкінішке орай науқастың денесінің бір емес, бірнеше жеріне пышақ сұғылған. Атап айтқанда, пышақ жарақаты іштің сол жақ бөлігінен кіріп, асқазанды тесіп өтіп және диафрагманы да зақымдаған. Сондай-ақ кеуде қуысын да жарақаттаған. Клиникалық тексерулерден кейін науқасқа шұғыл ота жасадық. Үш сағатқа созылған күрделі ота сәтті аяқталып, науқас алдымен жансақтау бөліміне, кейін хирургия бөліміне ауыстырылды, – дейді дәрігер.

Айта кетейік, бүгінде хирургия бөлімінде 26 науқас ем қабылдауда. Мұнда бір айлық нәрестеден бастап егде жастағы қарияларға дейін ем алады. Дәрігердің сөзінше, көбіне бір жасқа дейінгі балалар беті мен аяқ-қолы күйіп, түрлі жарақаттармен түседі. Сондай-ақ жүруге енді талпынып жүрген және бір жастан асқан балалар арасында бас-ми жарақаты жиі кездеседі. Оның сөзінше, балалардың әткеншектен және балалар арбасынан құлап жарақат алу жағдайлары да жиі тіркеледі. Мұнан бөлек бөлімде жол-көлік оқиғасынан зардап шеккен, төбелес салдарынан жарақат алған науқастар, сондай-ақ соқырішек, өт-тас ауруы, бүйрек-тас ауруы және қатерлі ісік диагнозы қойылған азаматтар да ем қабылдауда.

Сұхбат соңында дәрігермен бірге біз де бөлім тынысымен танысып, науқастардың жағдайын тексеріп шықтық. Аңғарғанымыз барлығының кейіпкерімізге алғыстан басқа айтары жоқ.

– Мен бөлімге жақында ғана жол-көлік апаты салдарынан басыма ауыр соққы алып түстім. Қазір Қуаныш дәрігердің арқасында денсаулығым өте жақсы. Алғашқы күннен-ақ барлық ем-шарасын жүргізіп, сөзімен де демеу беріп, үлкен қолдау көрсетті, – дейді кент тұрғыны Нұрдәулет Ержанұлы.

Иә, медицина саласында қызмет етіп жүрген жандардың еңбегі ерен. Халықтың денсаулығын күзетіп, науқастарды тек ісімен ғана емес, жылы сөзімен де дертіне шипа беретін кейіпкеріміздің алғыс арқалауы заңдылық.

Білікті маманмен сәтті сұхбатымызды бөлім мейіргерінің «дәрігер, шұғыл көмегіңіз қажет» деген дабылы бөлді. Ақхалатты абзал жанның жұмысына сәттілік, науқастардың дертіне шипа тілеген күйі біз де редакцияға қайта жол тарттық.



## Маман мерейі

**Ауданда Ләйлә есімді үш қыз бар. Оның екеуі жоғары оқу орнының студенті болса, ал біреуі жақында ғана дүниеге келген. Бір қызығы, бұл қыздардың есімі жылдар бойы үздіксіз аналар алғысына бөленіп жүрген білікті акушер-гинеколог Ләйлә Рахатқызының құрметіне қойылған.**

# АНАЛАР АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНГЕН



Кейіпкеріміз Ақтөбе қаласындағы Марат Оспанов атындағы медицина университетінде білім алған. Еңбек жолын Қызылорда қалалық біріккен перзентханасында бастаған. Кейін Қаракеткен дәрігерлік амбулаториясында жалпы тәжірибелі дәрігер қызметін де абыроймен атқарды. 2006 жылдан бері аудандық перзентханада акушер-гинеколог болып қызмет етіп келеді.

– Біз көбіне шұғыл оталар жасаймыз. Жоспарлы оталар да болып тұрады, бірақ жиі емес. Көбіне шұғыл оталар ұрықтың қауіпті жағдайы, бала жолдасының уақытынан бұрын ажырауы, қан кету, жатырдың жыртылуы сынды себептерге байланысты жасалады. Мәселен, кеше ғана бала жолдасының уақытынан бұрын ажырауына байланысты ота жасадым. Жас ана аман-есен жаны қалып, өмірге қыз бала әкелді. Сондай-ақ қызының есімін менің құрметіне Ләйлә деп қойды. Жалпы мен осы перзентханада жұмыс жасағалы үш Ләйлә өмірге келді. Оның екеуі – қазіргі таңда студент. Аналарынан естуімше, олардың біреуі осы медицина саласын таңдаған екен, – дейді білікті дәрігер.

Кейіпкеріміздің салада еңбек етіп жатқанына биыл 25 жыл. Акушер-гинеколог саласымен қатар білімін жетілдіру мақсатында жалпы тәжірибелі дәрігер мамандығын да меңгеріп, осы бағытта еңбек еткен. Алайда 2006 жылы қызметтік қажеттілікке байланысты басшылық тарапынан қайтадан акушер-гинеколог қызметіне шақырылған. Содан бері күндіз-түні перзентханада еңбек етіп, аналар алғысына бөленіп жүр.

Ол соңғы үш жылда денсаулығына байланысты перзентхана бөліміне тек кезекшілік кестесі мен шақыртулар бойынша ғана барады. Айтуынша, үш жыл бұрын перзентханада тұрақты еңбек етіп жүрген кезінде айына 30-32 ота жасаған сәттері де болған. Сондай-ақ 2023 жылдан бері аудан және облыс халқына әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын заманауи қызметтің бірі доула көмегін ұсынып келеді. Босану кезінде әйелдің жанынан табылып, оған моральдық, эмоционалдық және ақпараттық қолдау көрсететін доула қызметі болашақ аналардың босану тәжірибесін барынша жайлы әрі сенімді етуге бағытталған. Бүгінде бұл қызмет өңір тұрғындары арасында оң бағаланып, ана мен бала денсаулығын нығайту жолындағы маңызды бастаманың біріне айналған.

Сұхбат барысында дәрігер жас аналарға ең алдымен жүктілікті жоспарлауға кеңес берді. Айтуынша, ауданда жүктілікті жоспарламай, жылдың басы мен соңында сәби сүйіп жатқан аналар аз емес. Күтінбей жиі босанатын аналар арасында қан кету, қанқысымы көтерілуі, ісіну, жатырдан айырылу және ірі салмақтағы нәрестені дүниеге әкелу сынды жағдайлар жиі кездесуде. Мұнан бөлек дұрыс тамақтанбаудың салдарынан жастар арасында семіздік белең алған. Көптеген ана дұрыс тамақтанбай, фасфуд өнімдері мен газдалған сусындарды шамадан тыс тұтынып, аз қозғалады. Осы ретте білікті маман аналарға денсаулыққа мұқият қарап, жүктілікті алдын ала жоспарлаудың маңызды екенін қаперге салды.

Айта кетейік, бүгінде аудандық емханада жүктілікке дейінгі дайындық бағдарламасы жұмыс жасауда. Жүктілікті жоспарлайтын аналар арнайы келіп, 12 түрлі талдау тапсырады. Талдау нәтижесінде денсаулығында қандай да өзгеріс анықталса, соған сәйкес емдеу шаралары жүргізіліп, жүктілікке дайындық басталады. Өкінішке орай қазіргі таңда орталықтың көмегіне жүгінетін аналар өте аз. Алайда ана атануды жоспарлап жүрген келіншектер үшін бұл бағдарламаның пайдасы мол.

– Дәрігер Ләйла Рахатқызы – өте білікті маман. Сол кісінің көмегімен балаларымды жеңіл босанып, аман-есен бауырыма бастым. Босануда аналарға ең алдымен үлкен қолдау қажет. Қиын сәтте қасымнан табылып, көмек қолын созып, қолдау білдірген дәрігерге алғысым шексіз, – дейді кент тұрғыны Гүлжазира Әлімханова.

Айта кетейік, бүгінде білікті маманның қарауында 178 жүкті ана бар. Оның ең жасы 18 жаста болса, ең үлкені 44-те екен. Оның ішінде алғаш ана атанғалы отырған жастар да, көпбалалы аналар да бар.

Екі адамның өміріне жауапты болу оңай емес. Аналар алғысына бөленіп жүрген кейіпкеріміз еңбек жолында мыңдаған сәбидің кіндік анасы атанған. Бір күнде бірнеше ананың дені сау сәбиін құшағына алуына себепкер болатын білікті маман уақытпен санаспайды. Кез келген уақытта алдына көмек сұрап келген аналарға қолдау көрсетіп, көмек қолын созуға дайын тұрады. Өмір мен өлім арасында жатқан ана мен баланың тағдырына да араша түсіп, ел алғысына бөленіп жүрген жан өз мамандығын таңдағанына еш өкінбейтінін айтады.

Бақыт сыйлайтын бөлімде мамандар аналардың қуанышын еселей жүріп, түрлі тағдыр иелерімен жолығады. Қызықты сәттерге, қуаныштың көз жасына, іңгәлаған сәби дауысына толы бөлімнен аналардың сәбимен аман-есен шығуының артында әр минутты тиімді пайдаланып, уақытпен санаспай еңбек етіп жүрген кейіпкеріміз секілді ақхалатты абзал жандардың маңдай тері мен тынымсыз еңбегі жатыр.

*Бетті дайындаған Сезім НҰР*

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық "Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №1044

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН